

## **Баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін және тексеру парағының нысанын бекіту туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2012 жылғы 10 тамыздағы № 367 және Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрінің 2012 жылғы 24 қазандағы № 294 Бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 қарашада № 8059 тіркелді . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы № 419 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2015 жылғы 30 маусымдағы № 488 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 26.06.2015 № 419 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 30.06.2015 № 488 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) бірлескен бұйрығымен.**

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңының 7-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына, «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы Заңы 13-бабының 4-тармағына және 15-бабының 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫЗ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері осы бірлескен бұйрыққа 1-қосымшаға с ә й к е с ;

2) баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағының нысаны осы бірлескен бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес б е к і т і л с і н .

2. «Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында тәуекел дәрежесін бағалау критерийлерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 91, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрінің 2010 жылғы 11 наурыздағы № 129 бірлескен бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6140 болып тіркелген, 2010 жылғы № 12 Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілері жинағында жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті (Р.П. Шер) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін осы бірлескен бұйрықтың күнтізбелік он күн ішінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бірлескен бұйрықтың Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі М.Н. Сарыбековке жүктелсін.

5. Шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты (қайта ұйымдастыру тәртібімен құрылған заңды тұлғаларды және қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалардың құқықтық мирасқорларын қоспағанда) мемлекеттік тіркелген күнінен бастап үш жыл бойы жоспарлы тексерулер жүргізуге жол берілмейді.

6. Осы бірлескен бұйрық 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 5-тармақты қоспағанда, алғаш ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрінің  
міндетін атқарушы

М. Орынханов

Қазақстан Республикасының  
Экономикалық даму және  
сауда министрі

Е. Досаев

2012 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

2012 жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
міндетін атқарушының

2012 жылғы 10 тамыздағы № 367

және Қазақстан Республикасы

Экономикалық даму және

сауда министрінің

2012 жылғы 24 қазандағы № 294

бірлескен бұйрығына

1-қосымша

**Баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері**

1. Баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері (бұдан әрі – Өлшемдер) бақылау субъектілерін тәуекел дәрежелеріне жатқызу мақсатында тәуекелдер өлшемдерін анықтау үшін әзірленді.

2. Осы Өлшемдерде мынадай ұғымдар қолданылады:

1) тәуекел – тексерілетін субъектінің қызметі нәтижесінде салдарының ауырлық дәрежесі ескеріле отырып, адамның өміріне немесе денсаулығына, қоршаған ортаға, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

2) бақылау субъектілері – баланың құқықтарын қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын, жеке кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын жеке және заңды тұлғалар.

3. Бақылау субъектілерін тәуекел топтары бойынша жатқызу осы Өлшемдерге қосымшаға сәйкес бастапқы және кейінгі тарату жолымен жүзеге асырылады.

Бастапқыда барлық бақылау субъектілері орташа тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

4. Бақылау субъектілерін кейіннен тәуекел топтарына тарату жиналған баллдарға байланысты жүзеге асырылады.

Тексеру қорытындысы бойынша бақылау субъектілері тәуекел дәрежесіне төмендегідей бөлінеді:

1) 10-нан 19 баллға дейін қоса алғанда – тәуекел дәрежесі болмашы;

2) 20-дан 40 баллға дейін қоса алғанда – тәуекел дәрежесі орташа;

3) 41-ден бастап және одан жоғары – тәуекел дәрежесі жоғары.

5. Жоспардан тыс тексерулер кезінде ұйымдарда бұзушылықтар анықталған жағдайда жиналған баллдар сомасына байланысты аталған ұйым жоғары немесе орта тәуекел дәрежесіне жатқызылады.

6. Әр ұйымға бақылау ісі жүргізіледі, онда тексеруді тағайындау туралы акті, тексеру парағы, қызметтің негізгі көрсеткіштері бойынша қажетті мәліметтер тігіледі.

Баланың құқықтарын  
қорғау саласындағы  
жеке кәсіпкерлік аясындағы  
тәуекел дәрежесін бағалау  
өлшемдеріне  
қосымша

**Баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері**

№	Тәуекелдерді бағалау үшін өлшемнің атауы	Баллдар	Бар	Жоқ	Қажет емес
1.	Тәрбиеленушілер жеке істерінің болуы	20			
2.	Ұйымның басшы және педагогикалық кадрлармен толықтырылуы	20			
3.	Медициналық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы	20			
4.	Құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес болуы	10			
5.	Балалардың демалуға, сауықтыруға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру	10			

Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі  
міндетін атқарушының  
2012 жылғы 10 тамыздағы № 367  
және Қазақстан Республикасы  
Экономикалық даму және  
сауда министрінің  
2012 жылғы 24 қазандағы № 294  
бірлескен бұйрығына  
2-қосымша  
Нысан

**Баланың құқықтарын қорғау саласындағы жеке кәсіпкерлік аясындағы тексеру парағы**

1. Тексеру тағайындаған орган: \_\_\_\_\_
2. Бақылау субъектісінің атауы: \_\_\_\_\_
3. Бақылау субъектісінің орналасқан жері (заңды мекенжайы, телефоны, электронды мекенжайы): \_\_\_\_\_
4. СТН (БСН) \_\_\_\_\_
5. Тексеруді тағайындау туралы акті: 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_

№	Баланың құқықтарын қорғау саласындағы қызметке қойылатын талаптар тізбесі	Бар	Жоқ	Қажет емес

1.	Тәрбиеленушілер жеке істерінің болуы (білім беру ұйымына жіберу туралы жергілікті атқарушы органдардың шешімі; туу туралы куәлік; денсаулық жағдайы мен екпелері туралы медициналық құжаттар; білім туралы құжаттар (мектеп жасындағы балалар үшін); баланың өмір сүру жағдайын тексеру актісі; ата-анасы немесе оларды алмастыратын адамдар туралы мәліметтер (ата-анасының қайтыс болғаны туралы куәліктердің көшірмелері, соттың шешімі, ата-анасының ауруы немесе оларды іздестіру туралы анықтама және ата-анасының жоқтығын немесе олардың өз балаларын тәрбиелеуге мүмкіндігі жоқтығын растайтын басқа да құжаттар); аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің және басқа да жақын туыстарының бар-жоғы және олардың тұратын жері туралы анықтама; ата-анасы қайтыс болғаннан кейін қалған мүліктердің тізімдемесі, оның сақталуына жауапты адамдар туралы мәліметтер; кәмелетке толмағандарға тұрғын үй алаңын бекітіп беру туралы құжаттар; зейнетақы, жәрдемақы алатындардың зейнетақы кітапшасы, алимент өндіріп алу туралы сот шешімінің көшірмесі (оларды балаға ата-анасының бірі немесе оны алмастыратын адам алатын кезде)			
2.	Ұйымның басшы және педагогикалық кадрлармен толықтырылуы (ұйымға педагогикалық жұмысқа мамандығы бойынша біліктілік сипаттамасының талаптарына сәйкес келетін және білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттармен расталған қажетті кәсіптік-педагогикалық біліктілігі бар тұлғалар қабылданады. Білім беру ұйымының басшысы ұйымдастыру қабілетіне ие, жоғары педагогикалық білімі және кемінде 5 жыл педагогикалық жұмыс стажы бар, үздік педагогикалық қызметкерлер арасынан тағайындалады)			
3.	Балалардың денсаулығын қорғауды, олардың психикалық-дене жағдайын нығайтуды, алдын алу іс-шараларын жүргізуді, ұйымның санитарлық-гигиеналық жағдайын, тамақтандырудың, оның ішінде емдәмдік тамақтандырудың ұйымдастырылуын бақылауды қамтамасыз ететін штаттық медициналық персоналдың болуы			
4.	Құрылтай құжаттарының Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес болуы			
5.	Балалардың демалуға, сауықтыруға және бос уақытын пайдалануға құқығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру			

Ла у а з ы м д ы

Т ұ л ғ а :

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_  
( Т . А . Ә . )

Тексерілетін

субъектінің

өкілі:

20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(Т.А.Ә.)

